ектінің
тұяғы

Қасиетті әрі қастерлі Торғай жерінде ерен еңбегімен елге танылған талай тұлғалар бар екенін айтудан әсте жалыққан емеспіз. Себебі, жұртқа үлгі, ұлтқа тұтқа болған асыл азаматтардың атын ардақтап, әспеттеу, әсіресе, қаламгерлерге міндет. Бағзыдан келе жатқан бір дәстүр бар, халқына танымал, ел-жұрты ардақтаған асыл азаматтар ешқашан елеусіз қалған емес. Олардың бәрі бірдей қол бастаған батыр, сөз бастаған ақын бола беруі міндет емес. Халық қашанда еліне еңбегі сіңген ерен ұлдарын ешқашан есінен шығарған емес. Бұл өзі қасырлардан тіні тарқамай күні бүгінге дейін жалғасып жатқан үлгілі үрдіс.

Ұлар күні бүгінге дейін ортамызда жүр. Бірақ, солардың атын атап, түсін түстеуге әлі күнге дейін сараңбыз. Себебі, Кеңес үкіметі кезінде тек бір партияның, бір адамның ғана нұсқауымен жүріп, айналамызға жіті қарамай, табиғатын танымай, нақты бағасын бере алмай, жалтақтаған кезіміз аз болған жоқ. Ал, енді бүгінгі тәуелсіздік тұсында ұлтымызға қалтқысыз еңбек еткен тұлғаларды қатардан қалдырмай, өз биігінен түсірмей, құрмет көрсетіп, бар-жоғымызды түгендей білу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан, тіпті қасырлардың арғы қойнауына көз жүгіртпей-ақ, күні кешегі кеңестік кезеңнің өзінде өз жолын тауып, өз өрнегін сала білген, еңбегімен елге жаққан ерен тұлғалары бүгінгі, тіпті келешек ұрпаққа үлгі етіп, ұсына білу, әсіресе, қаламгерлердің парызы деп ұғынамын. Сол себепті, мен, жас күнімнен жанымда жүрген, еңбегін бір ғана мен емес, ел бағалаған, бұл күнде, жетпістің жотасына аяқ басқан Серікбай Бірімжанұлы *Тапаев туралы тоғанағымды ортаға салмақпын.*

Серікбай Тапайұлының басқасын былай қой анда, бір ғана Торғай төсінде шағын қалашық орнатып, Алтынсарин атындағы жаңа совхозды дүниеге әкелгенінің өзі неге тұрады?!

Торғайдан Қостанайға баратын күре жол бойында, Қызбел таудың баурайында аз уақытта салынған шағын қалашыққа әркімнің қызығы қарағаны әлі есімде.

Жетпісінші жылдардың бел ортасы, бәлкім, сексенінші жылдардың басы болар деймін, Торғай төсінде тың өзгерістер бола бастады. Елге Жақан Қоғабаев, Мұхаметқали Айсин сияқты іскер де тегеуірінді басшылар келіп, елдің реңі, жердің керкі кіріп, Торғай даласы тың дүбірге бөленді. Көп жылдар қозғалыссыз жатып, азып-тозған шаруашылықтар іргесін қопсытып, іріпене бастады. Тың жерден жаңа совхоздар сап түзеп, ауыл ахуалына жаңа леп пайда болды. Сол тұста, «Серікбай Тапаев деген жас жігіт Торғайдың хақ төрінде, Қызбел таудың бөктерінде жаңа совхоз шаруашылығының іргесін қалап, шағын қалашық салыпты» деген хабар Алматыдағы біздің құлағымызға дүңкілдеп естіліп жатты.

Алдымен, осы шаруашылықты көзбен көріп қайтуға Кеңшілік аттанды. Ол кезде ақын-жазушылар қара-құрасыз жүрмейтін. Қасында сол кездің өзінде де атақты ақын Жарасқан Әбдірашев бар, Сейітқазы Досымов сынды досы бар, тағы екі-үш жігіт Торғайға тартты да кетті.

Барған. Көрген. Жаңа шаруашылықты аралаған. Қызбел тауының етегіндегі Ғафу жырлаған «Құтыбай булағының» суын сіміріп, екі-үш күн тыныстап жатқан ғой, бағыңы.

Алматыға келе сала Кеңшілік маған қоңырау шалып: «Ойбай, Серік, мен Торғай жеріне бұрын көрмеген «сұмдықты» көріп қайттым», – деді. Оның «сұмдығының» қызық екенін білсем де, «Ол не?» деп едім. «Сұмдығы сол – Серікбай Тапаев деген жігіт, бағыңы екеуміз жатқан білекті «Құтыбай булағының» түбінен, Қызбел төрінен керемет совхоз салыпты. Соған арнап «Таза бұлақ» деген баллада жаздым», – деп, кейбір шұмақтарын айта жөнелді. «Тұра тур, тұра тұр!» деймін мен, тағы бірдеңе сұрадым кейін. Тура қоятын Кеңшілік те, ақыры, өлеңді оқып берді.

Мен ойланып қалдым. Маған неге бармасқа? Сонда кіммен бірге бармақпын? Ауылға барғанда шайдан басқа ішпеңе ішпейтін Шаймерденде емес, шалқып-балқып жүретін бірер жігітті ертіп алу керек!

Бір күні Бақытжерей Ысқақов: «Серік, кеше «СК»-дан Кеңшіліктің «Таза бұлақ» деген балладасын оқыдым. Торғайдағы жаңа совхоздың директоры Серікбай Тапаевқа арнапты. Керемет! Серікбай мені де шақырып жатыр. Мен «Серік екеуміз барамыз» деп уәде беріп қойдым. Тез жинал», – деп қоңырау шалды.

Бақытжерей екеуімізді Торғайға тартып келдік.

Алматыдан ұшақпен аттанған біз екі сағатқа жетпей, Арқалық әуежайына топ ете қалдық. Топ ете қалған тұста бізді күтіп тұрған Тапаевтың жігіттері алды-артымызға қаратпастан, қатар-қатар танаптардың арасымен Арқалыққа да, Торғайға да соқтырмастан тура Қызбелдің кіндік тұсынан бір-ақ шықтық.

Көне Торғайдың ескі үйлерінде үйреніп қалған көзіміз, Қызбел құшағындағы жаңа қалашыққа таңырқай қарастық. Самалдары сап түзеген бірінен бірі өтетін жаңа үйлер, көзінді қызықтырып, кеңілінді марқайтты. Қайда қарасаң да қайнаған құрылыс алаңы. Шаруашылықтың шырайын ашқан ақ шаңқан үйлер, көз тартар көше тізбегі.

Серікбай бір кезде Арқалықтың қасындағы шаруашылығы құлдыраған Ә. Майкөтов атындағы совхозды қолға алып, ауданда, облыста, республикада алдыңғы қатардан көрініп, «жекешелендіргендердің» ықпалына жығылмай, өзінше ұжымдық жол тауып, шаруашылықты нық ұстап тұрған кезі еді. Бірақ, Тәуелсіздіктің бастауында бет-бетімен берекесі кеткен жүйенің қырсығы Серікбайдың сеніміне селкеу түсіріп, жігерін құм қылды. Ақыры, Торғай жерінде тер төгіп, тұған еліне аянбай еңбек еткен ер жігіт облысы бір емес, екі рет тараған соң, Астанаға жұмыс табымен ауысуға тура келді. Астанада да тәжірибелі, іскер жігіт қарап отырмай, еліміздің іргелі шаруашылықтары мен компанияларында ірі қызметтердің тізгінін ұстады. Абырой биігінен көрінді.

Еліне жаны ашитын текті жігіттің жай жүруі жараспайды. Бұрынғы Торғай, қазіргі Қостанай облыстарының іргелі шаруашылықтарына білік-білімін жұмсап, кешегі зейнет жасына шыққанша ақыл-кеңес, қол ұшын беріп жүрді.

Серікбай өзінің күш-қайратын тек ауылдас-қауымдас, жолдас-жора, туысқандарға ғана жұмсап қоймайды. Кезінде аудан, облыс басқарып, халыққа жақын болған қайраткерлердің де қадір-қасиетін, қастерлі ісін ел-жұртқа насихаттау жағынан да өнегелі істерге мұрындық болып келе жатыр. Мәселен, досы Орал Мұхамеджанов туралы бір емес, екі естелік кітап шығаруға барынша атсалысып, халық қадірлеген, торғайлықтар төбесіне көтерген Еркін Әуелбековтің аңызға бергісіз ерен ісін естелікке айналдырған үлкен кітабын шығаруға атсалысып, қол ұшын бере білді. Бұған Қостанайдағы «Қонаев қорының» жетекшісі, қарт қаламгер Дәуренбек Ахметбековтың да үлес қосқанын айта кеткенімізді ұмытпаймын.

Сонымен қатар, өзінің арғы атасы Тілеулі батырдың Ақтөбе жерінде жатқан тарихи орнына барлау жасап, оның төңірегіндегі тұлғалардың да тарихи шежіресін жүйелеп, бір ізге түсіруде де Серікбай еңбегінің ізі сайрап жатыр.

Серікбай Тапаевтың халықтық, елдік мәселелерге атсалысқан талай татымды істерін тілге тиек етуге болар еді. Бұл, әрине, бір ғана мақаланың көлеміне тарлық етері сөзсіз.

Осының бәрі, сайып келгенде, Серікбай Тапаевтың өз тұмасының текті білігінен туындаса керек. Текті білігі сол Серікбайдың арғы тек ата-бабалары батырлар, ақындар, ел бастаған көсемдер, от ауызды, орақ тілді шешендер. Жалпы, қалың қыпшақты Серікбай тікелей өз атасынан шежіре таратып, Таңат тарихынан ғана тармақтасаң, талай қилы-қилы әңгімелерге құя боламыз. Әсіресе, Серікбайдың анасы Дариға апамыз ерекше жаратылған жан еді. Олардың басынан өткен қиындықтарды бұл күнде ешкім көтере алмайтын шығар деп ойлаймын. Заманына сай мықты зиялы кісілер болды. Баласына айтып отырғанақылын талай тыңдадым. Сондай ақыл-парасатты естіп өскен Серікбайдың ешкімнен осал болуы мүмкін емес. Серікбай оқуда да, еңбекте де, қызметте де, өмір-тірлік ортасында да қатарының алды болып, үнемі абырой биігінен көрініп келеді. Оның олай болмасқа хақы да жоқ. Өйткені, ол батырлар рухымен біте қайнасқан ақындардың ақ тілегінен жаралған, асыл ананың ақ сүтінен нәр алған, қазақ халқының қастерлі қасиеттерін бойына сіңірген ұлтымыздың ұланы, тектілердің тұяғы.

Серікбай Бірімжанұлының ерен еңбегін ерекше атай отырып, тектінің тұяғы екенін қадап айтқаннан кейін, оның ата-тек тарихын аз да болса таратып айта кеткен артық болмас.

Ормандай қалың қыпшақтың бас-аяғын қамтымай-ақ, тек қана Таңат тарихынан шежіре шертер болсақ, Серікбайдың ата-тегінен тараған талай белгілі де беделді адамдардың, қол бастаған батырлардың, сөз бастаған ақындардың, келе-келе ел басқарған ерен тұлғалардың шыққандығына күә болар едік. Арғы Қолдандығы қол созбай-ақ, Серікбай Бірімжанұлының атасы жағынан ерлігі ел аузында аңыз болған Ергөз батырдың шөбересі, анасы жағынан Батырбай қажының жиені екенін айтсақ та жеткілікті.

Ал, асыл жары Мамырға келер болсақ, маңайынан алтын шуақ төгіліп, жан-дүниесі күндей жарқырап, келген қонағын күлімдеп қарсы алатын, бойында нағыз қазақтың байбішесіне тән асыл қасиеттері қалыптасқан қадірлі қазақ әйелі. Туған жері – Жетісу, өзі де сол табиғатына тартқан жаны жайсаң жан. Мамандығы – дәрігер болған соң ба, адамға жанашыр, кім-кімге болса да қол-қабыс жасауға әзір тұрады.

Ермек, Ерболаттай ұлдары, Әселдай қызды тәрбиелеген Серікбай мен Мамыр бүгінде 11 немере, 3 шөбере сүйіп отыр.

Сөз арасында біз Торғай төсінде туып-өскен текті жігіттің ерен еңбегі, халыққа жасаған қызметі хақында қысқаша әңгіме өрбіттік. Алайда, оның алдында әлі де биік белестер тұр. Өйткені, ол өзі туып-өскен ортадан бір сәт алшақтап көрген емес. «Әкеге тартып ұл өсер» дегендей, ата-баба ізімен ұлтына, жұртына үнемі жанашыр болып жүретін кешегі жайсаң жігіт бүгін жетпістің жотасына шығып, алды-артына көз жүгіртіп, әлі де ұрпақ үшін жасалып жатқан ұлы мұраттарға үлес қосуда...

Досым,
Кейде тіпті құрдасыңсың,
Жүрегің қаламаса сырластайсың.
Ақ туын адалдықтың көтересіз,
Ешқашан қиянатқа бір баспайсың.

Ауылың аталады «Ақ кісі» боп,
Көгінде қалықтадың бақ құсы боп.
Барған жан сол ауылға қимастықпен
Екі-үш күн аялдайды жатқысы кеп.

Жақындап келіп сені танығысы,
Қашпайды ол ауылдың аңы-құсы.
Бас қойып булағына қайтады олар,
Құмары қанғанынша қанып ішіп.

Қондырып қонақтардың құтты көшін,
Тізесін талайлардың бүктіресің.
«Аялдап қонақ болып кетіңдер» деп,
Ауылдың ақ боз үйін тіктіресің.

Жастық шақ,
Отырғызбай дамылдатып,
Жүруші едік дауылдатып,
Жалындатып.
Қасымда Бақытжерей,
Жатып едік,
Алты күн,
Ауылының дәмін татып.

Осы ғой,
Білген жанға ақын бағы,
Таңдайы шешендердің тақылдады.
Сені іздеп,
Ауылыңа барған едік
Атаның –
Алтынсарин атындағы.

Кетпедің жетегінде жеке күштің,
Қасында жүрген жоқсың бекер істің.
Іргесін мектептердің қолдан қалап,
Күмбезін мешіттердің көтерістің.

Жігітсің даладай кең,
Дархан жаны,
Әрдайым азаматсың артар бағы.
Жүрдің сен күні-түні ел қамы үшін,
Аямай қаражатты қалтаңдағы.

Мерейін талайлардың еттің үстем,
Осылай арманыңа жеттің іспен.
Қолдаған ата-баба әруағы,
Білгенге соның бәрі – тектіліктен.

Ермектей, ұрпағың бар Ерболаттай,
Қыздарын ол да болса қолқанаттай.
Өсіріп немерелер, шөберелер,
Жетіске келіп қалдың желген аттай.

Тілдесіп,
Ата-баба – Тәңіріңмен,
Жайылсын –
Бәйтеректей тамырың кең.
Мың жаса –
Ұлықтандай ұрпағыңмен,
Бір болып,
Асыл жарың – Мамырыңмен!

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері